

Көксу ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 86 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 31 наурызда № 27333 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 12 қазандағы № 387 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облысы Көксу ауданы әкімдігінің 12.10.2023 № 387 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 4-тармағымен.

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Көксу ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Көксу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекші ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Көксу ауданы әкімі

А. Әділ

Көксу ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 3 наурыздағы № 86
қаулысына қосымша

Көксу ауданының елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

--	--	--

№ р/с	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Айнабұлақ ауылдық округі		
1	Айнабұлақ станциясы	1,45
2	ПЧ-45 Қосшар ауылы	1,1
3	Тауарасы разъезді	0,9
4	Көпір разъезді	0,9
Алғабас ауылдық округі		
5	Алғабас ауылы	1,45
6	Қызылтоған ауылы	1,45
Енбекші ауылдық округі		
7	Зылиха Тамшыбай ауылы	1,45
8	Бесқайнар ауылы	1,45
9	Қаратал ауылы	1,45
10	Кенарал ауылы	1,45
Қаблиса ауылдық округі		
11	Ақтекше ауылы	1,45
12	Көкбастау ауылы	1,1
Балпық ауылдық округі		
13	Ақшатоған ауылы	1,45
14	Теректі ауылы	1,65
15	Балпық би 1 аймағы (батысы республикалық маңызы бар Алматы-Өскемен автожолымен, шығысы Лабасы ауылдық округінің жерімен шектеледі)	2,2
16	Балпық би 2 аймағы (шығыстан Жангелдин көшесінің батысынан республикалық маңызы бар Алматы-Өскемен автомобиль жолымен шектелген)	2,01
17	Балпық би 3 аймағы (елді мекеннің шекарасына дейін бірінші және екінші аймақтарға кірмеген елді мекен бөлігі)	1,85
Лабасы ауылдық округі		
18	Енбекшіқазақ ауылы	1,45
19	Жамбыл ауылы	1,45
20	Мәмбет ауылы	1,65
21	Талапты ауылы	1,45
Жарлыөзек ауылдық округі		
22	Жарлыөзек ауылы	1,45
23	Бозтоған ауылы	1,2
24	Мұқаншы ауылы	1,2

Мұсабек ауылдық округі		
25	Мұсабек ауылы	1,45
26	Мәулімбай ауылы	1,35
27	Мойынкұм станциясы	0,9
28	Бақша станциясы	0,9
29	Быжы станциясы	0,9
Мұқыры ауылдық округі		
30	Мұқыры ауылы	1,65
31	Қазақстанның 10 - жылдық ауылы	1,35
Мұқаншы ауылдық округі		
32	Көксу станциясы	1,45
33	Нәдірізбек ауылы	1,1
34	Қазақстанның 50 - жылдық ауылы	1,2
35	Мұқаншы ауылы	1,1
36	Жетіжал ауылы	1,45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК